

- Хаттамасы №1

Жарқамыс орта мектебінің

"Қамқоршылық" кеңестің отырысы

Өткізілген күні : 25.09.2020ж

Өткізілетін орны : Акт залы

Қатысқандар : 9

Күн тәртібінде :

1. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау.
- 2.«Мектепке жол» акциясы барысында аз қамтылған, көпбалалы отбасыларына көмек көрсету.
- 3.Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Қарашолақова Н:

Білім мен тәрбие негізінің мектептен бастау алатыны, яғни, осы бағыттағы үрдістің ата-ана, мектеп, мұғалім үштігі болып бірге жұмыс жүргізгенде ғана жүзеге асатыны белгілі. Мұқтаж балаларға материалдық көмек көрсету үшін алдымен класс жетекшілермен бірлесе отырып көмек әртүрлі әлеуметтік топтағы оқушылар анықталды. Әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерімен, жеке кәсіпкерлермен ынтымақтастықты ұйымдастырылды. Әлеуметтік көмекке мұқтаж балаларға қайырымдылық көмек көрсету үшін киім, аяқ киім, мектепке керек-жарақтармен, тамақ өнімдерін қабылдау жұмыстары жүргізіледі. Сол себепті әлеуметтік көмекке мұқтаж балаларға көмек қолымызды созу қажет.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Қарашолақова Н

Ата-аналар, сынып жетекшілер, аудандық білім бөлімінің жылдық жоспарларына сәйкес 2020-2021 оқу жылында "Мектепке жол" акциясын ұйымдастыру әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалудың алдын-алу, 6-17жас аралығындағы балаларға орта білім беруді қамтамасыз ету, аз қамтылған отбасы балалары мен көп балалы отбасылардың және жетім, ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету мақсатында мектебімізде 2020 жылдың тамыз мен қыркүйек айында аралығында өткізілді «Мектепке жол» акциясының өту барысында демеушілік жасап, қайырымдылық көрсеткен кәсіпкерлер, ұстаздардан түскен қаржыны сынып жетекшілердің тапсырған сұранысы бойынша қарап, арнайы комиссия мүшелері анықтап, аз қамтылған оқушыларды керекті оқу құралдарымен қамтамасыз етіліп отыр. Мектеп бойынша 10 оқушы 2500 теңге көлемінде оқу құралдармен қамтамасыз етілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сулейменова Айзат Қуанышовнаның баяндамасы тыңдалды.


Қазіргі таңда кәмелетке толмағандар арасында тәлім-тәрбиеге және олардың тарапынан жасалған құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарына көңіл бөлінуде. Осыған орай "Жарқамыс орта мектебі" КММ-де құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша мектепішілік жылдық жұмыс жоспары және Байғанин аудандық ІПБ-мен бірлескен жоспар жасалып бекітілді. Аудандық ІПБ-де есепте тұрған оқушыға жоспар жасалынды. Жоспар бойынша біршама жұмыстар жасалуда. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдан алу, зиянды заттардан аулақ болу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында іс-шаралар, кездесулер өткізілуде. Себепсіз сабақты босатпау, сабаққа кешікпеу, беймезгіл уақытта көшеде жүрмеу мақсатында кезекшіліктер ұйымдастырылды. Жергілікті полиция қызметінің участкелік


полиция инспекторы, полиция капитаны Әділханов Есболат Ерланұлымен 8-11 класс оқушыларын санитарлық талаптарды сақтай отырып "Құқықбұзушылықтың алдын алу" бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруда қосымша білім беру ұйымдары жанынан ашылған мектеп оқушылары домбыра, күрес, өлкетану, ән-хор, әдебиет сияқты үйірмелерге қатысып жүр.


"Жарқамыс орта мектебі" КММ -де қыркүйек айының 25-і күні өткізілген Қамқоршылық кеңесінде айтылған ұсыныс-пікірлерді тыңдай отырып қаулы етеді:


1. Тамыз- қыркүйек айларындағы ұйымдастырылып отырған "Мектепке жол" акциясы өз жұмысын жалғастырсын.


2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау бағытында іс-шараларын жүргізе отырып, ата – аналар мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер тарапынан жасөспірімдер арасында құқық бұзушылыққа жол бермеу, бақылау күшейтілсін.


Жиналыс төрағасы :  Сейілханов Т


Мүшелері:  Жалғасбаева Г


 Қыдыров Е

 Қожанов Ж

 Досжанов С

 Төрткілбаев F

 Қалиев У

 Сайдағали Н

Жиналыс хатшысы:  Рахманова Б

Хаттамасы №1

Жарқамыс орта мектебінің

"Қамқоршылық" кеңестің отырысы

Өткізілген күні : 25.12.2020ж

Өткізілетін орны : Акт залы

Қатысқандар : 13

Күн тәртібінде :

1. «Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру
2. «Қамқоршылық кеңестің» мүшелерін сайлау
3. . 1 тоқсан қорытындысы, мектептегі білім беру сапасының арттыру жолдары.
4. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу. «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясының жүру барысы.

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры **С.С. Жиенбаева** сөз алып, жиналысқа қатысушыларды "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ережемен таныстырып өтті. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 123 бұйрығы) Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік , бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

- 1) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалыуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады
- 2) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;
- 3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;
- 4) қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шалаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;
- 5) қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалыуы туралы шешім қабылдайды;
- 6) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;
- 7) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **А.К. Сулейменова** қамқоршылық кеңес құрамына кімдер ену керектігіне, олардың функционалдық міндеттеріне тоқталып өтті.

Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен төмендегі тұлғалар Қамқоршылық кеңестің мүшесі болуға ұсынылды.

Қамқоршылық кеңес төрайымы **Әби А**

Хатшы: **Аманиязова Ж**

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

- 1, **Нұрқасымова Алмагүл,**
2. **Қыдыров Ануар**
3. **Сазанов Ұлықпан**
4. **Рахманова Бағдагүл**

5. Қалиев Өмірбек
6. Сұлтанова Мира
7. Аманиязова Жанна
8. Жұмағалиев Самат

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Туртаева И

Сапалы білім беру бойынша 2020-2021 оқу жылының I тоқсан қортындысы туралы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары сөз сөйледі:

Мектепте барлығы 333 оқушы. Оқу озаты-28 оқушы, оқу екпіндісі-25 оқушы

I тоқсан бойынша білім сапасының көрсеткіші 44%. Мектепте спорттық секция мен 5 ақылы үйірме жұмыс жасайды, барлық оқушылар қамтылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп психологі Араалбаева А

2020-2021 оқу жылының басында зорлық - зомбылықтың алдын алу мақсатында жылдық жұмыс жоспары жасалып бекітілді. Жоспар бойынша жұмыс атқарылуда Түнгі рейд Зорлық - зомбылыққа қарсы күрес мақсатында "Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, жолын кесу" тақырыбында 8-11 класс оқушыларымен ауылдық учаскелік полициясы Әділханов Есболатпен ара қашықтықты сақтай отырып әр класқа жеке-жеке кездесу өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жоспар бойынша "Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн акциясы" шеңберінде 25 қараша күні «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» атты науқанның ашылуы болды. Жасөспірім және көше. Рейд жүргізу –кәмелет жасқа толмаған балаларды қараусыз қалдырмау, алдын-алу мақсатында тәрбие ісінің менгерушісі Сулейменова Айзат 1-11 кластар арасындағы оқушыларды бақылау үшін кешкі көшені бақылау үшін рейд ұйымдастырды. 26 қараша күні «Балалық шақты қорғау заңдары» атты 10 сыныпта, сынып сағаты өтті. 27 қараша «Біз әлемді өзгертеміз», «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында оқушылар эссе жазды. 30 қарашада 10 сыныпта «Мейірімділік шуағы» атты тренинг өтті. 3 желтоқсан-«Ерте жүктілік пен жыныстық қол сұғушылыққа жол бермеу» тақырыбында мектеп медбикесі 9-11 сынып қыздар арасында дәріс оқыды. 4 желтоқсанда 1-11 сынып оқушылар арасында «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол бермейік» тақырыбында жаднама таратылды. 7 желтоқсанда «Қатігездік қайдан шығады?» атты 9 сыныпта сынып жетекшісінің ұйымдастырумен пікірталас ұйымдастырылды. 8 желтоқсанда «Бақытты балалық шақ немесе отбасы құндылықтары» тақырыбында 8-10 сыныптар арасында бейнеролик дайындалды. 9 желтоқсанда «Зорлық-зомбылық деген не?» 5-11 сыныптар арасында сауалнама алынды. Сауалнамаға 185 оқушы қатысты. Сауалнамаға толық жауап беріп, сауалнамадан кейін өз ойларын ортаға салып талқылады. 10 желтоқсанда «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» атты республикалық науқанның жабылу салтанаты өтті.

Шешімі:


1. Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес «Жарқамыс орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде құрылған кеңестің жұмысы жандандырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес құрамын ұсынылған тұлғалар кеңес мүшелігіне сайлансын.
3. I тоқсан қорытындысы бойынша мектептегі білім беру сапасының арттыру жолдары күшейтілсін,
4. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы жұмыстар жолға қойылсын.

Жиналыс төрағасы:



Сейілханов Т

Мүшелері:



Жалғасбаева Г

Қыдыров Е

Жожау Кожауов Ж
Досжау Досжауов С
Торткїлбаев Т Торткїлбаев Т
Қалиев Қ Қалиев Қ
Сайдағали С Сайдағали С

Жиналыс хатшысы: Рахманова Р Рахманова Р

Хаттамасы № 3

Жарқамыс орта мектебінің

"Қамқоршылық" кеңестің отырысы

Өткізілген күні : 18.03.2021ж

Өткізілетін орны : Акт залы

Қатысуға тиіс - 11

Қатысқаны - 11

Қатыспағаны - 0

Күн тәртібінде :

1 Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы

2. Наурыз мерекесін ұйымдастыру шаралары

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Сулейменова А.К. айтып өтті.

Оқушылардың қосымша біліммен қамтылуы және бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепте 2020-2021 оқу жылының жоспарына сай 5 ақылы үйірме және 6 ақысыз үйірме факультатив сабақтары өткізіледі және де аудандық саз мектебінің филиалы бойынша «Домбыра» үйірмесі жұмыс жасайды. "Темірқазық" аула клубы күрес үйірмесін ашып отыр. Жалпы мектеп бойынша үйірмеге 217 оқушы тартылған. Арнайы уақыт қарастырылып, кабинеттер бөлініп, уақытылы өткізілуі мен оқушылардың қатысымы қатаң бақылауда.

2-мәселе бойынша ісі жөніндегі орынбасар Сулейменова А.К. айтып өтті.

Наурыз мерекесі Байғанин аудандық білім бөлімінен келген хаттың аясында қазіргі жағдайға байланысты санитарлық талаптарды сақтай отырып 1-11 кластар арасында ұлттық дәстүрімізді дәріптеп, құндылықтарды насихаттау мақсатында тәрбие сағаты форматында ұйымдастырылады. Амал мерекесін осы оқу жылында алғаш тойлап жатырмыз. Шағын аудиторияларда ұлттық сат-дәстүрден көріністер көрсетіліп, қойылымдар қойылады. Ұлттық бұйымдардан көрме ұйымдастырып, танымдық сабақтар көрсетіледі. Наурыз мерекесін тойлау өз мәнінде өткізіледі деп сенемін.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөйлеушілер:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Қыдыров Әнуар:

Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін үйірменің мағызы зор. Үйірме оқушының жан-жақты қабілетін ашып, дүниетанымын кеңейтеді. Қазіргі таңда балалардың барлық жағдайы жасалған. Саз мектебінің класы ашылған. Спорттық үйірменің көптеген түрлері бар. Оқы үйірмеге баланың жүйелі қатысып отыруын қадағалап, ата-анамен байланыста болу керек.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Нұрқасымова Алмагүл Бекболқызы:

Наурыз мерекесі қазір барлық жерде кең көлемде тойлануға қазіргі ахуалға байланысты рұқсат берілмей отыр. Соған қарамастан ұлттық мерекені дәріптеу мақсатында іс-

шаралар шағын көлемде ұйымдастырылып отыр. Ұлттық мереке - ұлық мереке. Сондықтан оқушылар мерекені тойлап, ол туралы мағлұмат алып отырғаны дұрыс.

Қамқоршылық кеңесінде айтылған ұсыныс-пікірлерді тыңдай келе қаулы етеді.

1. Оқушыларды қосымша біліммен толық қамтамасыз ету.
2. Наурыз мерекесі өз мәнінде өткізілсін.

Жиналыс төрайымы

Нұрдәулет Гайнжамал

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Нұрқасымова Алмагүл Бекболқызы

Қыдыров Әнуар

Сазанов Ұлықпан Қуанұлы

Рахманова Бағдагүл Аюповна

Қалиев Өмірбек

Сұлтанова Мира

Аманиязова Жанна

Жұмағалиев Самат

Хаттамасы № 4

Жарқамыс орта мектебінің

"Қамқоршылық" кеңестің отырысы

Өткізілген күні : 21.06. 2021ж. сағ 10.00

Өткізілетін орны : Акт залы

Қатысуға тиіс - 13

Қатысқаны - 13

Қатыспағаны - 0

Күн тәртібінде:

1.2020-2021 оқу жылындағы мектеп қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындысы

2. Оқу жылының қорытындысы бойынша оқушыларға оқудағы ерекше жетістіктері үшін шәкіртақы (сыйақы) тағайындау
3. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында салауатты өмір салтын насихаттау бойынша қамқорлыққа мұқтаж оқушыларды сыртқы және мектеп жанындағы лагерге қамтылуын қамтамасыз ету, жазғы каникул кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігі
4. Жазғы мектептің ұйымдастырылу жұмыстары

Тыңдалды.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Нұрдәулет Ғайнжамал кеңестің жыл бойы атқарған жұмысына қысқаша тоқталып өтті. Кеңес мүшелері жоспар бойынша көрсетілген жұмыстарды атқарып келеді. Атап айтсақ, жыл басынан бері материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау жұмысына қатысып, аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың құжаттарын жинақтауға көмектесіп, жыл бойы қатты мұқтаж оқушыларға көмек көрсетті.

2. 2-мәселе бойынша дарынды балалармен жұмыс қоғамдық ұйымының жетекшісі Аралбаева Ақбота айтып өтті. Жарқамыс орта мектебінде оқуда, спортта түрлі облыстық, республикалық дәрежедегі бәйгелерде орын алып жүрген оқушыларға біраз жылдан бері шәкіртақы тағайындалған. 2020-2021 оқу жылы бойынша "Жылдың үздік оқушысы" атағына 11 класс оқушысы Мұқанова Дильназ ие болып 20мың теңге Тапан Жұбаниязов атындағы шәкіртақыға ие болды. "Жылдың үздік қаламгері" номинациясын 7 класс оқушысы Тұрғанбайқызы Асылайым 20мың теңге Дәменткен Ізбағанбетова атындағы шәкіртақыны иеленді. Спорттағы жетістіктері үшін оқушыларға Жарқамыс орта мектебінде оқып, талай биік белестерді енсерген білікті мамандар атындағы шәкіртақылар тағайындалған болатын. Сағынбаев атындағы 20мың теңге Сыдықов Нұрбол атындағы 20 мың теңге, Жақин Наурызғали атындағы 20 тың теңге, Шүленов Аслан атындағы 20мың теңге, Асауұлы Амандық атындағы 20мың теңге, Нұрлыбекұлы Қасымбектің атындағы 20мың теңге шәкіртақыларды Асылбекұлы Асылхан, Шайқы Қобыланды, Жолбаев Ғалымжан, Қарағұл Мирас, Махсат Ғизат, Ізтұрғанов Ерхан сынды оқушылар иеленді.

3. Жазғы каникул кезіндегі білім алушылардың өмір қауіпсіздігі және құқықбұзушылықтың алдын алу, жазғы сауықтыру лагеріне тарту бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сулейменова Айзат Куанышовна айтып өтті.

Жаз айларындағы каникул уақытындағы білім алушының қауіпсіздігі бойынша мектепте жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, әрбір класс жетекші өз кластарының оқушыларына және ата-аналарына жеке-жеке де жиналыс өткізді. жазғы каникул мезгіліндегі қауіпсіздік туралы және құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша кеңірек тоқталып, танысқандығы туралы қолхат алынатын болады. Сонымен қатар

Жазғы сауықтыру лагеріне оның ішінде қала сыртындағы лагерьге және республикалық, "Бөбек" лагеріне аз қамтылған, көп балалы отбасының балалары тартылды. Қала сыртындағы лагерьге 5 оқушы, "Бөбек лагеріне 2 оқушы тартылса, " "Балдәурен" сауықтыру лагеріне 1 оқушының құжаттары тапсырылды.

4-мәселе бойынша оқу ісі меңгерушісі туртаева И.К. "Жазғы мектептің" ұйымдастырылуы жөнінде оқу ісінің Биылғы оқу жылында 26 мамыр мен 19 маусым аралығында жазғы мектеп ұйымдастырылды. Ата-аналардың өтініші бойынша 42 бала қабылданды. Оқушылар өздері таңдаған пәндері бойынша білім алады. Сабақ сағ. 8.30 басталады. Мұғалімдер сабақ жоспарларын жасап, күнделікті сабақты оқушының қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыстанады.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөйлеушілер:

Рахманова Бағдагүл Аюповна - қамқоршылық кеңес мүшесі.

Оқу жылы ішіндегі қамқоршылық кеңес жұмысын қанағаттанарлық деп бағалаймын. Алдағы оқу жылында да жоспар бойынша ұйымшылдықпен көптеген жұмыстар атқарамыз деп ойлаймын.

Аманиязова Жанна -қамқоршылық кеңес мүшесі.

Жазғы сауықтыру лагері бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайы ескерілгені өте орынды деп ойлаймын. Бала біздің болашағымыз. Олардың жаз айындағы жауапкершілігі ата-аналарында болмақ. Сонда да класс жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болу керек деп ойлаймын.

Қамқоршылық кеңесінде айтылған ұсыныс-пікірлерді тыңдай келе қаулы етеді.

1. Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың жазғы демалыстарын ұйымдастыру талапқа сай жүргізілсін.
3. Оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздігі мен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ата-аналармен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
4. Жазғы мектеп бойынша сабақтың өту барысын қадағалау оқу ісінің меңгерушісі И.К. Туртаева міндеттелсін

Жиналыс төрайымы

Нұрдәулет Ғайнажамал

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Нұрқасымова Алмагүл Бекболқызы

Қыдыров Әнуар

Сазанов Ұлықпан Қуанұлы

Рахманова Бағдагүл Аюповна

Қалиев Өмірбек

Сұлтанова Мира

Аманиязова Жанна

Жұмағалиев Самат